



ЕУРАЗИЯЛЫҚ
ҮКІМЕТАРАЛЫҚ КЕҢЕС

Олжас Бектенов жаңа
бағыттарды ұсынды

3

МӘРТЕБЕЛІ МЕРЕКЕ

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №111 (6673) 16 желтоқсан, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz



12+

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ –

егемен елдің ең қастерлі құндылығы

Біз бүгінгі тұғыры биік Тәуелсіздігімізге қазақтың жалынды жастарының қанымен, жанымен, олардың елім, жерім деген сүйіспеншілікке толы жұдырықтай жүрегінің қалауымен жеттік. Ол – ақиқат!

Иә, Тәуелсіздік – ата-бабамыздың сан ғасырлық арманы, азат ел болу жолындағы жанқиярлық күресінің жемісі. Бұл – халқымыздың ең қастерлі, ең қасиетті құндылығы. Ұрпаққа аманат болған осы ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау – әрбір қазақстандықтың азаматтық борышы.

Газетіміздің бүгінгі нөмірі – Тәуелсіздік ұғымының тарихи тамырын, ұлттық санамыздағы орнын және бүгінгі Қазақстанның жетістіктерін арқау еткен материалға толы. Оқырманды отансүйгіштікке, ел тағдырына бей-жай қарамауға үндейтін бұл мақалаларда елдік рух, ұлттық мақтаныш пен жарқын болашаққа деген сенім мерекелік көңіл күймен өрнектеледі.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, егемендігіміз мәңгі болсын!

(Қасиетті Тәуелсіздігімізді дәріптейтін материалдар топтамасын газетіміздің ішкі беттерінен оқи аласыздар).

16

ЖЕЛТОҚСАН


ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

QAZAQSTAN



БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



Коллажды жасаған Нұрболсын ӨРІСҰЛЫ.



ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

Үкімет қабылдаған шаралар өз нәтижесін беруде

Шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі Президент тапсырмасы Үкіметтің басым бағыттарының бірі ретінде жүзеге асырылуда. Аталған бағытта қабылданған шаралардың нәтижесінде соңғы жылдары елімізде ШОБ субъектілерінің ел экономикасына қосқан үлесі тұрақты түрде артып келеді. Бұл туралы Премьер-министрдің ресми ақпараттық ресурсы мәлімдеген болатын.

Экономикадағы үлесі 40%-ға жақындады

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сай, бүгінде әрбір бесінші қазақстандық бизнес саласында жұмыс істейді. Шағын және орта кәсіпкерліктің экономикадағы жалпы қосылған құнының үлесі қазірдің өзінде 40%-ға (39,8%) жақындаған.

2025 жылғы II тоқсанның қорытындысы бойынша ЖІӨ-дегі орта бизнестің жалпы қосылған құнының үлесі 7,9%-ды құрады, бұл өткен жылғы деңгейден жоғары. Бүгінгі таңда барлық кәсіпкерлік субъектісінің 99,9%-ы – микро және шағын компаниялар. Олар экономиканың «тірі тінін» қалыптастырады және 4,4 млн. -нан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етеді, бұл бір жыл бұрынғы деңгейден 3,9%-ға артық. Яғни бір жыл ішінде секторда ондаған мың жаңа жұмыс орны пайда болды деген сөз. ШОБ еліміздегі барлық экономикалық белсенді халықтың жартысына жуығын құрайды – 45,5%, бұл саланың азаматтардың әл-ауқатын жақсарту және еңбек нарығының тұрақтылығын сақтаудағы маңыздылығын көрсетеді.

Үкімет Президент тапсырмасына сәйкес, кәсіпкерлікті қолдау шараларын дәйекті түрде кеңейтуде. Кәсіпкерлерге өндірісті дамытуға, технологияларды жетілдіруге, экспортты кеңейтуге және қаржыландыру көздерін тартуға мүмкіндік беретін 117 құралдан тұратын тізілім құрылды. Baqyлауда.



goldau.kz қызметі қолдау шараларына қол жеткізудің әмбебап нүктесіне айналды, оны қазірдің өзінде 222 мыңға жуық адам пайдаланған.

Кәсіпкерлер үшін әділ орта

Елімізде 2024 жылдан бері бизнес жасауға тең жағдай туғызу, компанияларды ірілендіруге ынталандыру және орта бизнестің рөлін күшейту бағытында кешенді саясат жүзеге асырылуда. Мақсат – кәсіпкерлер үшін болжамды және әділ орта құру.

Бұған қосымша бизнеске қойылатын барлық талаптарды цифрландырып, бір ретке келтірген Міндетті талаптар тізілімі пайда болды. Бұл ашықтықты қамтамасыз етіп, кәсіпкерлерге міндетті нормаларды орындауды жеңілдетіп отыр. Нәтижесінде Қазақстанда ШОБ-ты қолдау бизнес-қоғамдастық үшін жүйелі әрі түсінікті бола түсті.

Орта бизнесті күшейту және ірілендіру мақсатында Ұлттық экономика министрлігі ЕҚДБ-мен бірлесіп кәсіпорындарды дамытудың нақты жоспарын әзірлеуде, ол өндіріс көлемін 2-3 есеге арттыруға бағытталған. Осылайша орта бизнес біртіндеп өңірлердің ғана емес тұтастай еліміздің де

тұрақты дамуын қамтамасыз етуге қабілетті экономикалық өсімнің негізгі драйверлерінің біріне айналууда.

Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты халыққа Жолдауын жүзеге асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде Үкімет ЕҚДБ-мен бірлесіп компаниялардың терең диагностикасын жүргізуде, олардың инвестициялық әлеуетін бағалай отырып, жеке-жеке өсу жоспарларын әзірлеуде. Қазірдің өзінде 20 кәсіпорынмен жұмыс басталды, ал 2030 жылға дейін бағдарламаға қатысушылардың саны кемінде 70-ке жетпек, бұл – өсуге дайын компаниялардың мықты тобын қалыптастырмақ.

Бизнесті реттеу қайта іске қосылуда

«Таза парақтан» реттеу қағидаты бойынша талаптар қайта қаралады, ескірген нормалар алынып тасталады және мемлекеттік бақылау жүйесі жаңартылады. Нәтижесінде Қазақстанда бизнесті жүргізу үшін жағдайлар айтарлықтай жеңілдетіледі.

Осы жылы «Өрлеу» жеңілдетілген қаржыландыру бағдарламасы іске қосылды. 482 млрд. теңге сомасына 1700-ден астам жоба қаржыландырылды, бұл осы құралдың жоғары сұранысы мен тиімділігін көрсетеді. «Даму» қорының базасында кәсіпкерлердің қаржыландыруға қолжетімділігін кеңейтетін екі кепілдік қоры құрылды:

Кепілдік қоры – 1 кепілдіктерді портфельдік әдіспен береді, несиелеу қаржыландыру сомасы 7 млрд. теңгеге дейінгі жобалар бойынша екінші деңгейлі банктер арқылы жүргізіледі. Қазіргі уақытта Қор 417,7 млрд. теңгеге 2384 жобаны қолдап, 229,9 млрд. теңгеге кепілдік берді.

Кепілдік қоры – 2 ірі инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларға бағытталған. КҚ-2 бойынша құны 7,1 млрд. теңге болатын алғашқы ірі жобаны жүзеге асырып, 2,8 млрд. теңгеге кепілдік берді. Тағы бір жоба қол қою кезеңінде дайын түр.

Болашақта салалық және өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, неғұрлым атаулы және нақты бағытты қолдауға көшу жоспарлануда, бұл бизнестің әртүрлі сегменттерінің әлеуетін тиімді ашуға мүмкіндік береді.

Әзірлеген Ернұр РЫСБАЙ.
(Дереккөз: *primeminister.kz*).

ЭНЕРГЕТИКА МЕН МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫ

2025 жылғы Үкімет қызметін қорытындылау аясында Энергетика министрі Ерлан Аққенженов Astana Hub алаңында энергетика саласын дамыту мәселелерін талқылады. Есепті кезеңде Үкімет Мемлекет басшысының бастамасымен мұнай-газ секторын, жанар-жағармай материалдары нарығын және мұнай өңдеуді қамтитын ауқымды реформаларды жүзеге асыру ісін жалғастырғанын жеткізді.

Мұнай-газ саласындағы жылдың басты оқиғасы – Теңіз кен орнындағы болашақ кеңейту жобасының толық аяқталуы болды. Зауыттың үшінші буынын пайдалануға беру мұнай өндірудің жылына 12 млн. тоннаға өсуін қамтамасыз етті, бұл экспорттық кірістің тұрақты көзін қалыптастырады және ұлттық экономиканың әлеуетін арттырады.

– 2025 жылы қуаттылықты арттыру, өнім сапасын арттыру және ғылыми-технологиялық шешімдерді енгізу қағидаттарына негізделген мұнай өңдеу саласын дамытудың 2040 жылға дейінгі ұзақ-мерзімді өндірістік бағдарлары бекітілді. Нысаналы көрсеткіш жұмыс істеп тұрған мұнай өңдеу зауыттарын кеңейту және қуаты жылына 10 млн. тоннаға дейін жететін жаңа МӨЗ жобасын жүзеге асыру есебінен мұнай өңдеу көлемін жылына 18 млн. -нан 39 млн. тоннаға дейін арттыруды көздейді, – деп атап өтті Ерлан Аққенженов.

Одан бөлек, биыл CaspiBitum зауытын жаңғырту жұмыстары аяқталған. Оның нәтижесінде кәсіпорынның қуаты жылына 1,5 млн. тоннаға дейін, ал битум өндірісі жылына 750 мың тоннаға дейін артты. Ал Шымкент, Атырау және Павлодар мұнай өңдеу зауыттарын кеңейту, сондай-ақ жаңа МӨЗ салу үшін әлеуетті инвесторлар тарту жұмыстары жалғасып



жатыр. Көміртекті бейтараптық стратегиясы шеңберінде K5 + мұнай өнімдерінің экологиялық стандарттарына көшу бекітіледі. МӨЗ-ді техникалық жаңғырту мұнайды өңдеу тереңдігін 94%-ға дейін арттыруға және қосылған құны жоғары өнім шығару үшін мұнай өңдеуді мұнай химиясымен біріктіруге мүмкіндік береді.

Әлемдік деңгейдегі ерекше кешендер

Энергетика министрі мұнай-газ химиясы саласында экономиканың шикізатқа тәуелділігін әртараптандыруға және төмендетуге арналған дәйекті бағыт жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, отандық мұнай-газ химиясы тұрақты екі таңбалы өсім қарқынын көрсетіп отыр және шикізат емес экспорттың негізгі драйверлерінің бірі ретінде қалыптасуда.

– Мұнай-газ химиясындағы өнім өндірісінің көлемі 12%-ға өсті. Қазақстан терең өңделген полипропилен, бензол және параксилол сынды өнімдерді сыртқы нарықтарға жүйелі түрде жеткізуді бастады, – деді Ерлан Аққенженов.

Саланың стратегиялық дамуы ауқым-

ды құрылыс кезеңімен тығыз байланысты. Елімізде әлемдік деңгейдегі ерекше мұнай-химиялық кешендер салынып жатыр. Атырау облысында полиэтилен зауытының болашақ пиролиз қондырғысының құрылысы 30%-ға орындалды. Павлодарда алкил шығаратын кәсіпорынның құрылысы басталды.

ЖЭО-лардың тозу деңгейі төмендеп келеді

Ерлан Аққенженов жылыту маусымын өткізу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға да тоқталды. Оның сөзінше, биыл инфрақұрылымның ұзақ жылдар бойы созылған тозуы тоқтатылып, активтерді ауқымды жаңарту циклі іске қосылды. «Тарифті инвестицияға айырбастау» қағидаты енгізілгеннен кейін электр стансаларын жөндеу жұмыстарына салынған капиталдық инвестициялар 20%-ға артты, бұл енгізілген принциптің тиімділігін көрсетеді.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесі сенімділіктің нақты көрсеткіштерімен бағаланады. Ұзақ жылдан бері алғаш рет ел бойынша ЖЭО (жылу электр орталықтары) жабдықтарының жалпы тозуы азайып, көрсеткіш 61%-ға жетті. Жоспар-

ланған барлық жөндеу жұмысын орындау Кентау, Риддер және Екібастұз стансалары секілді барлығы 9 энергетикалық нысанды тәуекел аймағынан шығаруға мүмкіндік берді.

– Инфрақұрылымды қалпына келтірумен қатар жаңа қуат көздерін іске қосу жұмыстары қарқынды түрде жүргізілуде. 2025 жылы Текелі энергетикалық кешенінде газотурбиналық қондырғылар пайдалануға берілді, ал Топар МАЭС-інде (мемлекеттік аймақтық электростанса) 130 мегаватт қуаттылығы бар жаңа турбоагрегат сәтті іске қосылды. Энергетикалық жүйе сұраныстың алдын орап, рекордтық көрсеткіш сағатына 118 млрд киловатт электр энергиясын өндірді, – деді Ерлан Аққенженов.

Келесі жылдан бастап Үкімет өңірлік деңгейде жылумен жабдықтау схемаларын қайта қарау бойынша жүйелі жұмысқа кіріседі. Пилоттық жобалар Жамбыл облысы мен Шымкент қаласында жүзеге аспақ.

«Жасыл технология»

Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында «жасыл технологиялар» жобаларын жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Жаңартылатын энергия көздері саласында Қазақстан әлемдік инвесторлар үшін тартымды алаңға айналып отыр. III тоқсанның қорытындысы бойынша таза энергия генерациясының үлесі жалпы өндіріс көлемінің 7%-нан асты, ал стансалар саны 159-ға жетті.

Сала дамуының ең бір маңызды кезеңі бірінші рет гигаваттық класты жел электр стансасын және энергия жинау жүйелерін салу бойынша ірі аукционның өткізілгені болды. Бұл қадам елімізде икемді әрі тұрақты энергетикалық жүйе құруға жаңа мүмкіндіктер ашты. Аталмыш тәжірибе нарықтың ірі жобаларды қабылдауға және заманауи технологиялық шешімдерге дайын екенін көрсетті.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.



БАЙЫПТАМА

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ҮКІМЕТАРАЛЫҚ КЕҢЕС

Олжас Бектенов жаңа бағыттарды ұсынды

11 желтоқсанда Мәскеуде Еуразиялық үкіметаралық кеңестің (ЕУАК) қорытынды отырысы өтті. Жиынға Қазақстан тарапынан Үкімет басшысы Олжас Бектенов қатысты. Шағын және кеңейтілген құрамда ЕУАК қатысушылары сауда-экономикалық ынтымақтастықты, өнеркәсіп кооперациясын дамыту, сондай-ақ энергетика, цифрлық даму, кеден сияқты салалардағы өзара іс-қимыл мәселелерін талқылады.

Биылғы ЕУАК-ң қорытынды отырысына Қазақстанның Премьер-министрі Олжас Бектенов, Армения Республикасының Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Республикасының Премьер-министрі Александр Турчин, Қырғыз Республикасы Министрлер кабинетінің төрағасы – Президент Әкімшілігінің басшысы Адылбек Касымалиев, Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустин, Өзбекстан Республикасының Премьер-министрі Абдулла Арипов, бейнеконференция арқылы Куба Республикасының Премьер-министрі Мануэль Марреро Крус, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Бақытжан Сағынтаев қатысты.

Басым бағыттар айқындалды

Делегация басшылары шағын және кеңейтілген құрамда кездесті. Онда биылғы бірлескен іс-шаралар және 2026 жылға арналған ЕАЭО шеңберіндегі интеграция мен әріптестіктің



(Дереккөз: primeminister.kz/).

басым бағыттары туралы пікір алмасты. Тараптар мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық, кедендік бақылау тетіктерін жетілдіру, электронды сауда, тауарларды таңбалау жүйесін дамыту және басқа да мәселелерге назар аударды.

Осы жылдың қорытындысы бойынша ұйымға мүше мемлекеттердің экономикалық салыстырмалы түрде өскен. Алайда, бәрінде біркелкі емес. Жалпы, ішкі өнім Қазақстан, Армения және Қырғызстанда біршама өсті. Ал Беларусь Республикасында экономикалық өсім баяулаған. Ресейде бірқалыпты өсім байқалады. Бұдан бөлек, 2025 жылы өзара сауда айналымы алғаш рет 100 млрд. доллардан асқан. Салыстырар болсақ, 2024 жылы бұл көрсеткіш 78 млрд. доллар, ал 2019 жылы 60 млрд. доллар болған. Биылғы сауда айналымының 66,4% өңдеуші өнеркәсіпке тиесілі.

Биыл ұйымға Беларусь Республикасы төрғалық еткен бо-

латын, алдағы 2026 жылы ЕАЭО-ға төрғалық Қазақстанға өтеді. Осыған орай Мәскеуде өткен ЕУАК отырысында келесі жылға арналған ЕАЭО шеңберіндегі интеграция мен әріптестіктің басым бағыттары айқындалды. Яғни өсімді қамтамасыз ету үшін ұйым ішінде жағымды макроэкономикалық орта қалыптастыру; Басты мақсат жыл соңында ортақ ЖІӨ-і әлемдік көрсеткіштен төмендетпеу; Өндірістік кооперацияны дамыту; Ұйым ішінде көлік кеңістігін қалыптастыру; Еңбек нарығын жетілдіру және көпвекторлы сыртқы экономикалық бағытты дамыту. Ол үшін Өзбекстан, Мысыр, Үндістан, БАӘ секілді үшінші елдермен еркін сауданы жетілдіруді жоспарлауда.

Осылайша Қазақстан ұйымға төрғалығы аясында сыртқы экономикалық дипломатияны кеңінен қолданып, үшінші елдермен сауданы дамытуға баса назар аудармақ.

Бектенов ұсынған бағыттар

Олжас Бектенов ЕУАК отырысында экономиканың негізгі салаларында оң серпінді қамтамасыз еткен ынтымақтастықтың іс-жүзіндегі нәтижелерін атап өтті. Мысалы, жалпы Қазақстанның мүше-мемлекеттермен өзара сауда көлемі 90%-ға өскен.

Сондай-ақ, Қазақстан Премьер-министрі ұйым аясында мынадай бағыттарда жұмысты жетілдіруді ұсынды:

• **Цифрлық құралдарды пайдаланып мемлекеттік сатып алу саласындағы ЕАЭО-ның келісімшарттық базасының кейбір нормаларын өзекті ету;**

• **Өнеркәсіптік кооперацияны қаржыландыру. Қазақстан заманауи цифрлық шешімдер мен жасанды интеллект технологияларын пайдаланатын кәсіпорындарға басым тәртіппен субсидиялар беру қажеттігін атап өтті;**

• **Бизнесті жүргізуге жағдай жасау.**

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



«АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ

2015 жылы 1 қаңтардан бастап ресми құрылған Еуразиялық экономикалық одақ аймақтық экономикалық интеграция ұйымы. Ол Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт негізінде құрылған әрі халықаралық құқық субъектісі болып саналады.

ЕАЭО-да тауарлар, көрсетілетін қызметтер, капитал мен жұмыс күшінің қозғалу еркіндігі, сондай-ақ экономика салаларындағы үйлескен, келісілген немесе бірыңғай саясаттың жүргізілуі қамтамасыз етіледі.

Қазақстан, Армения, Беларусь, Қырғызстан және Ресей елдері мүше болып отырған ұйымның өз ішінде бірнеше органы бар. Оларға Жоғарғы еуразиялық экономикалық кеңес, Еуразиялық экономикалық комиссия, Еуразиялық экономикалық одақ соты кіреді. ЕУАК негізгі жұмыс органы болып саналады.

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

Алматының рухани өмірінде атағы бір маңызды қадам жасалды. Тәуелсіздік күні қарсаңында қалада оқырмандарға арналған жаңа, заманауи кітапхана салтанатты түрде ашылды. Маңызды мәдени оқиғаға Алматы қаласының әкімінің орынбасары А.Нүкенов, Мәдениет басқармасының басшысы Д.Алиев, халық жазушысы А.Аширов, филология ғылымдарының докторы Қ.Абдезұлы, филолог С.Жақанова, С.Досжан, Б.Сарыбай, М.Шоқан сынды бірқатар жазушылар, сонымен қатар республикалық және қалалық кітапханалардың өкілдері мен қала тұрғындары қатысты.



Ернұр
РЫСБАЙ

Салтанатты іс-шара барысында қонақтар үшін арнайы экскурсия ұйымдастырылып, жаңа кітапхананың мүмкіндіктері мен инфрақұрылымы таныстырылды. Кітапхана дәстүрлі кітап мәдениеті мен заманауи цифрлық технологияларды ұштастыра отырып, қала тұрғындарына арналған көпфункционалды мәдени әрі білім беру алаңы ретінде жобаланған. Мұнда келушілердің жайлы әрі тиімді уақыт өткізуіне барлық жағдай жасалған.

Жаңа мәдени нысанның ашылу рәсіміне Алматы қаласы әкімінің орын-

АЛМАТЫДА ЗАМАНАУИ КІТАПХАНА АШЫЛДЫ



басары Абзал Нүкенов қала тұрғындарын мерекемен құттықтады. Ол кітапхананың тек білім ордасы ғана емес, қала өмірінің маңызды рухани кеңістігіне айналатынын атап өтті.

«Кітапхана – қаланың рухани тынысын айқындайтын орын. Біз өз тарапымыздан қала тұрғындарына жаңа білім нәрін сусындауға, жан-жақты дамуына жағдай жасап отырмыз. Бұл кітапхана – тек кітап оқитын орын ғана емес, ой мен идея тоғысатын заманауи мәдени орталық», – деді Абзал Нүкенұлы.

Жаңа кітапхана қала әкімдігі мен Мәдениет басқармасының қолдауымен іске қосылды. Бұл – Алматыдағы 29-шы кітапхана. Ол цифрлық технология мен ұлттық рухани мұраны ұштастырған заманауи форматта жұмыс істейді. Кітап-

хана барлық жастағы тұрғындарға, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарға толық қолжетімді.

Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиевтің айтуынша, жаңа кітапхана Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ашылып отыр.

– Бүгінде қала бойынша 28 кітапхана жұмыс істейді, ал бұл – 29-шы. Кітапхана Бостандық ауданында, қолайлы жерде орналасқан. Мұнда балаларға арналған арнайы аймақ, студенттерге арналған залдар, жиналыс пен кездесулер өткізетін бөлмелер, жоғары жылдамдықты интернет залдары бар. Кітап қоры – 20 мыңнан асады. Жыл соңына дейін тағы екі кітапхана ашу жоспарланып отыр. Келесі жылы да бұл жұмыс жалғасын табады, – деді ол.



Кітапхананың жалпы аумағы шамамен 500 шаршы метрден асады. Нысан инклюзивті талаптарға толық сай жабдықталған. Мұнда оқу залы, конференц-зал, арнайы жұмыс орындары қарастырылған. Кітапхана келушілерге тегін Wi-Fi қызметін ұсынады.

Орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры Мейрам Бектенбаевтың айтуынша, бұл филиал қала тұрғындары үшін жаңа мәдени орталыққа айналмақ. Кітапхана барлық санаттағы тұрғындарға арналған. Мұнда кітап оқуға, конференциялар мен кездесулер өткізуге, балаларды алып келуге мүмкіндік бар. Кітапхана аптаның жеті күні, таңғы 9.00-ден кешкі 20.00-ге дейін жұмыс істейді. Қор жыл сайын толықтырылып отырады.



Әлеуметтік қызмет орталығы

патриоттық әндер байқауын өткізді



Суретті түсірген Қ.ҚОНЫСБАЕВ.

Тәуелсіздік күніне орай «Шапағат» әлеуметтік қызмет орталығында «Тәуелсіздік – Тәңірден» атты патриоттық әндер байқауы өтті. Мерекелік іс-шараға орталықтағы қызметкерлер мен қызмет алушылар, қонақтар қатысты. Мерекелік іс-шара бүлдіршіндерді туған жерді, ұлтты сүйуге тәрбиелеп, қызмет алушыларды қоғам мен әлеуметтік ортаға бейімдеу, мүгедектігі бар жандарға мейірім сыйлауға үндеуді мақсат еткен.



**Дана
САДЫРҚАН**

– «Шапағат» әлеуметтік қызмет орталығының 5 бөлімі бар. Байқауға осы 5 мекеменің қызметкерлері мен қызмет алушылары қатысты. Орталық психоневрологиялық ауытқуы бар 270 балаға қызмет көрсетеді. Стандарт бойынша педагогикалық, медициналық, құқықтық және еңбекке баулу бағыттарын қамтиды, – деді «Шапағат» әлеуметтік қызмет орталығының директоры Анар Оспанова.

2017 жылдан бері еңбек нұсқаушысы қызметін атқарып келе жатқан Газима Тоқбаева мүмкіндігі шектеулі балалардың әр қимылына қажыр мен қайрат керек екенін айтты.

– Іс-шара жастардың патриоттық сезімін оятты. Көкқайнар бөлімшесінен сайысқа 9 бала қатысты, туған жерге арнап ән шырқадық. Екі аптаға жуық уақыт дайындалдық. Мекемеде 1,5–18 жас аралығында 80 қызмет алушымыз бар, – деді Газима Тоқбаева.

ТҰЛҒАСЫЗ ТАРИХ ЖАСАЛМАЙДЫ

Кәкімбек Салықовқа арналған тағылымды кеш өтті

Оқушылар сарайының үлкен концерт залында белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімбек Салықовтың өмірі мен қызметіне арналған тағылымды кеш өтті. Жиынды Медеу ауданының әкімдігі, «AMANAT» партиясы, бірқатар мүдделі ұйымдар мен «Жас ұрпақ» ақпараттық-ағартушылық, патриоттық орталығы ұйымдастырды.



**Рая
ЕСКЕНДІР**

«Жас ұрпақ» ақпараттық-білім беру патриоттық орталығы ұйымдастырып отырған жиынға белгілі ғалым-әдебиеттанушы, филология ғылымының кандидаты, Алматы қаласы әкім аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі Мамай Ахетов, Мемлекеттік және жергілікті басқару институтының ректоры, профессор, «Мәслихат және әкімдік» журналының Бас редакторы Әбкен Тоқтыбеков, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Ардагерлер кеңесінің төрағасы Берікжан Айтқұлұлы, Медеу ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Алмас Тілеубаев, «AMANAT» партиясы Алматы қалалық филиалы төрағасының орынбасары Қуаныш Төлепов қатысты.

Басқосуды «Жас ұрпақ» орталығының төрағасы Бахтияр Камалұлы ашып, жүргізіп отырды.

Жалпы, аталмыш басқосу



осымен бесінші мәрте өтіп отыр. Бұл отырыстың басты мақсаты – оқушы жастарды көрнекті тұлғаларды тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесімен таныстырып, жас ұрпақтың бойында патриотизм сезімін, азаматтық жауапкершілікті және еліміздің тарихи мұрасына деген құрметті қалыптастыру. «Жас ұрпақ» ақпараттық-ағартушылық, патриоттық орталығы мемлекет дамуына елеулі үлес қосқан қоғам қайраткерлерінің өмір жолы мен қоғамдық қызметін насихаттау, сондай-ақ оқушы жастар арасында орнықты рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыра беретін болады.

Бұл ретте Бахтияр Камалов былай дейді:

– Біздің патриоттық орталығымыздың басты мақсаты – еліміздің дамуына өлшеусіз

үлес қосқан тұлғалардың өмір жолымен, еңбегімен, мемлекетке сіңірген қызметімен жастарды таныстыру. Өйткені, бәріміз жақсы білеміз, тұлғасыз тарих жасалмайды. Тарихты тұлға арқылы танымыз. Сондықтан біз жас ұрпақты мемлекет және қоғам қайраткерлерінің өмірбаянымен, елге деген адалдығымен, еңбектегі табыстарымен тереңірек таныстыруды көздеп отырмыз. «AMANAT» партиясымен бірлесіп отырып, біз жастарға патриоттық тәрбие беру бағытында жүйелі оқыту жұмыстарын жалғастыратын боламыз.

Осыдан кейін жиналғандар Кәкімбек Салықұлы туралы деректі фильмді тамашалады. «Жас ұрпақ» орталығы халқымыздың біртуар тұлғалары Бауыржан Момышұлы, Әлихан Бөкейхан, сондай-ақ басқа да ұлы қайраткерлердің өмір жолымен таныстыруды жоспарлап отыр.

№99 мектеп қайта жаңартылды

Тәуелсіздік күні қарсаңында Алматы қаласында №99 жалпы білім беретін мектептің техникалық ашылуы өтті. Толық реконструкциядан өткен білім ордасы заманауи талаптарға сай жаңартылды. 1963 жылы салынған екі қабатты ескі ғимарат толықтай күрделі жөндеуден өтіп, оған бастауыш сыныптарға арналған жаңа үш қабатты корпус қосылды.



**Ернұр
РЫСБАЙ**

Қазір мектеп бір ауысымда 520 оқушыны қабылдауға мүмкіндігі бар. Жаңа корпус бастауыш сынып оқушыларына арналған, онда 250 бала білім алады. Абаттандырылған мектеп аумағына автоматты суару жүйесі орнатылған. Оқушылар үшін спорт және ойын алаңдары да қамтылған.

Заманауи талапқа сай жаңартылған мектепте химия, физика, биология кабинеттері, спорт залы, ұлдар мен қыздарға арналған көркем еңбек сыныптары, 100 орынды акт залы, жаңа асхана мен медициналық блок бар. Музыка кабинеті ұлттық және классикалық аспаптармен толық жабдықталған. Кабинетте домбыра, дауылпаз, асатаяқ, тұяқтас, шаңқобыз, пианино, баян,



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ксилофон, маракас және басқа да құралдар қарастырылған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін пандустар, арнайы тұтқалары бар санитарлық тораптар орнатылған.

Мектеп директоры Сәния Ембергенованың айтуынша, оқу орнында әрі реконструкция, әрі күрделі жөндеу, әрі қосымша құрылыс жүргізілген.

– Алматы қаласының әкімдігі, білім және құрылыс басқармалары тарапынан үлкен қолдау болды. Барлық кабинеттер заманауи құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілді. Балалар үшін сапалы білім алуға барлық жағдай жасалды. Қазіргі таңда оқушылар басқа мектептерде уақытша оқып жүр. Қалалық білім басқармасы тара-

пынан оқушылар тасымалмен толық қамтылған. Үшінші тоқсанның басында барлық бала өздерінің жаңарған №99 мектебіне көшіріледі, – деді ол.

Көпбалалы ана Светлана Полищуктің балалары осы мектепте білім алады. Ол жаңарған мектеп аумағын көріп өз ризашылығын білдірді:

– Бұрынғы мектеп пен бүгінгі жағдайды салыстыруға келмейді. Балалар үшін өте жайлы, ойластырылған, болашағына бағытталған ортаға айналды. Бұл – балаларымыздың ертеңіне салынған инвестиция, – дейді ол.

Айта кетейік, мектептің жаңа ғимаратының құрылысы 2024 жылдың маусым айында басталып, бас мердігер ретінде «Golden City DS» ЖШС жұмыс атқарды.

Балалардың қауіпсіз кеңістігі

Тәуелсіздік күні мерекесіне орай, Медеу ауданында Орналасқан №195 мемлекеттік балабақшада мекеменің жаңартылған инфрақұрылымын пайдалануға беру мақсатында техникалық ашылу рәсімі өтті. Аталмыш мекеме мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын кезең-кезеңімен жаңғырту аясында ұйымдастырылып, білім беру ортасының сапасын арттыруға бағыттала отыр. Техникалық ашылуға Медеу ауданы әкімінің аппараты, аудандық білім бөлімі, мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Мекеменің техникалық ашылу салтанатында Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдоос Асқарұлы сөз алды:

– Жаңадан ашылып жатқан балабақша – мемлекеттік балабақша. ҚР Тәуелсіздік күніне орай бұл нысанның техникалық ашылуы ұйымдастырылып отыр. Балабақша заманауи құрал-жабдықтармен толық жабдықталған, 140 балаға арналған. Бұған дейін жекеменшік балабақша болған бұл мекеме мемлекеттік балансқа өтіп, бүгін №195 мемлекеттік балабақша ретінде жұмысын бастап отыр. Медеу ауданы бойынша қазіргі таңда 20 мемлекеттік және 80-нен астам жекеменшік балабақша бар. Бұл балабақшаларда шамамен, 4 мыңға жуық бала тәрбиеленуде, – деді.

Жалпы, жаңадан беріліп отырған №195 балабақшада жүргізілген жаңарту жұмыстары мектепке дейінгі ұйымдарға

қойылатын қазіргі талаптарға толықтай сай келеді.

№195 бөбекжай-балабақшаның оқу-тәрбие процесінде цифрлық және интерактивті құралдарды қолдану жолға қойылған. Мәселен, интерактивті панельдер, цифрлық оқыту ресурстары, визуалды және аудиоматериалдар, дамытушы бағдарламалар. Бұл құралдар мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес және педагогикалық мақсатта пайдаланылуда. Технологияларды қолдану баланың жас ерекшелігі мен психологиялық дамуын ескере отырып жүзеге асырылады.

Жаңартылған балабақша қазіргі талаптарға сай ұйымдастырылған білім беру ортасын ұсына отырып, балалардың қауіпсіз, сапалы және жан-жақты дамуына жағдай жасауға бағытталған.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



КОЛБИНДІ ҚОРҚЫТҚАН СУРЕТ



Дүниені дүр сілкінткен 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы Қазақстан тарихының ұмытылмас бір парағы боп қалды. КСРО деген алып империяда одақтас республикалардың тәуелсіздік алуының қозғаушы күші болған Алматыдағы Желтоқсан оқиғасының өткеніне биыл 39 жыл болды. Сол дүбірлі тарихи оқиғаға қатысқандар да, куәгерлері де арамызда. Ал сол кездегі құжаттар мен сурет-деректер тарихқа айналып барады.



Нұрлан
СҮЙІН

Империяның құрдымға кетуінің бастауы болған Желтоқсан оқиғасына қатысты мәліметтер, оқиғадан кейінгі жағдай, шейіт болғандар, сотталғандар мен қудаланғандар жайлы деректер, фотоархивтер мен құжаттар тек Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана шым-шымдап шыға бастаған. Десе де, сол кезде жарқ етіп шығып, бүгінге дейін ешкім санадан өшіре алмайтын екі факт бар. Ол – Қайрат Рысқұлбековтің өлім жазасына кесілуі мен Қайрат қаһарманмен бірге сот залында қасқайып тұрған «Төртеудің суреті». Ал суретті түсірген сол кездегі КазТАГ-тің фототілшісі Юрий Беккер болатын.

Өзім «Юреке» дейтін Юрий Беккермен журналистикада жүргеннен бері жақсы араласамын. Ол бүгінге дейін «Казахстанская правданың» фототілшісі болып

жұмыс істейді Ал осыдан қырық жылдай уақыт бұрын, республиканың орталық басылымдарына жарияланған суреті үшін жұмыссыз қалған еді. Бірде сол атышулы суретке қатысты сырды сұрағаным бар. Юрекең айтқысы келмесе де, шетінен суыртпақтап баяндады. Оның баяндауының өзі өз ұлтының дағдысына сай қысқаша һәм нақты.

– «Таңда орден тағып, кеште қамапты» дейтін сөз бар еді ғой. Менікі соның керісінше болды. Медаль, орден ол кейін келді ғой, тәуелсіздікпен. Ал ол кезде бәрі басқаша болды. Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы кезінде мен КазТАГ-тың фототілшісі едім. Онда жұмысымыз сол кездегі Коммунистический мен Гоголь көшелерінің қиылысында болатын. «Желтоқсаннан» кейін Қайрат Рысқұлбеков бастаған топтың соты болды, ол кезде ондай сотқа кім көрінген қатыса алмайды.

Мен сотқа жіберілген жалғыз фототілші болдым. Сот процесін түсіріп, редакцияға

әкеліп басшыларға өткіздім. Басшылық өз ретінде орталық газеттерге жіберген. Шудың бәрі сурет газеттерге жарияланып кеткеннен кейін болды. Оны көріп Колбин шошып кеткен ғой. «Біз Алматыда бұзақы, маскүнем жастар тәртіпсіздік жасады деп жатырмыз. Мыналар арақ ішіп, есірткі тартқан бұзақыларға ұқсамайды ғой. Бастарын тік ұстап үкімді тыңдап тұр. Қайта прокурор басын төмен салып, үкім оқып тұр...» депті. Осыдан соң қысқаша айтқанда, «қалпақты қағу» басталды, барлық орталық басылымдардың бас редакторлары «орындарын босатты». Сосын «Үш әріп» менің ізіме түсті, олар кіріссе белгілі, ал менің не кінәм бар. Редакция тапсырмасымен сотқа қатысты, суретке түсіріп, редакцияға бердім. Қойшы, біраз әурелеп мені де жұмыстан шығарды. Бүкіл фотоархивті алып кетті, сол жағы обал. Бірақ «тасқа басылған» дегендей, сурет шығып кетті ғой. Жігіттердің қайсар бейнесін бүкіл ел көрді. Кейін ақталып, журналистикаға оралдық қой, тіпті марапат та алдық, – дейді ардагер журналист.

Иә, бәрі басылғасын фототілшіні жұмысқа қайта қабылдаған. Еңбек кітапша-

сындағы «лауазымына сәйкес келмейді» деген жазбаны өшіруді ұсынған. Бірақ Ю.Беккер көнбепті, еңбек кітапшасындағы бұл таңбаның өзі қазір тарих екенін меңзейді.

Юрекең осыдан жеті-сегіз жыл бұрын поштама «Желтоқсан» тақырыбындағы екі сурет жіберіпті. «Нұрлан, мына суреттер менде құрдан-құр сақталып тұр, мүмкін қажетіңе жарар» деп. Шамасы, сол кезде КазТАГ-тың терезесінен түсірген. Мен оларды әлеуметтік желіге бөлістім, қазір ашық интернетте «айналымда» жүр.

Бүгінде Юрекең, Юрий БЕККЕР Қазақстан журналистикасының ардагері, орденді фотожурналистика абызы, көзі тірі «классигі». Әлі де өз саласында тынбай еңбек етіп келеді. Аман болсын фотоөнердің абызы. Ал оның түсірген «Төртеудің суреті» қазіргінің көзімен қарағанда қазақтың қайсар ұлдарының империя алдында қасқайып тұрған тарихи образына айналды. Осылайша Юрий Беккердің бір суреті бір ұлттың елеулі тарихи оқиғасындағы тасқа басылған айғақ болып қалды.



«ӘР ХАЛЫҚҚА – ӨЗ КӨСЕМІ!»

Ұмытылмас күндердің естелігі

Жыл сайын 16 желтоқсанда Қазақстанның Тәуелсіздік күнін атап өткен сайын, ойым еріксіз 1986 жылдың желтоқсанына орала береді. Ондаған жылдар өтті, ұрпақ алмасты, ел өзгерді... Бірақ сол күндер әлі ұмытылмады, ұмыту мүмкін де емес. Ол күндер оянған ұлттық сананың, шындық пен бостандыққа деген халқымыздың ұмтылысының символындай болып қалды.

Ұлттық сана толқыны

16-17 желтоқсан Қазақстан тарихында бетбұрыс кезең болды. Мәскеу республикаға ешқандай қатысы жоқ Геннадий Колбинді Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы етіп тағайындады. Қазақтардың пікірін ескермей қабылданған бұл шешім орынды ашу-ыза тудырды.

Мәскеу шешіміне жауап ретінде Алматыдағы Республика алаңына жастардың бейбіт шеруі ұйымдастырылды. Студенттер, жұмысшылар, қыздар мен жігіттер

өздерін тыңдайды деген үмітпен алаңға шықты. Қолдарында плакаттар болды, соның бірінде Ленин портреті мен «Әр халыққа – өз көсемі!» деген сөзі жазылған еді. Кеңес оқулықтарынан таныс бұл ұран сол сәтте жаңа мәнге ие болды, тіпті намыстың, дербестікке ұмтылыстың нышанына айналды. Жастар колоннасының Коммунистический (қазіргі Абылай хан) даңғылы бойымен, Алматы обкомы мен облыстық атқару комитеті ғимаратының жанынан иінтіресе келе жатқан бейнесі әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді. Бұл – тоқтау бермес ұлттық сана толқыны еді.

Араша түскен адам

Сол алағайлы шақта мені және әріптесім Ержан Нұрғазиевті сол кездегі Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып тұрған Өзбекәлі Жәнібеков өзіне шақырды. Екеуімізді де үйге жібермей ұстады. Сол арқылы бізді үлкен бақытсыздықтан аман алып қалғанын кейін білдік. Көп ұзамай КГБ Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастарды қатал тергеп, ауыр қысым көрсеткені белгілі болды.

Оқиғадан бір апта өткенде бізді Алматы обкомы бюросының отырысына ша-

қырды. Өзбекәлі Жәнібековке «жастарды Одаққа адалдық рухында тәрбиелеу жұмысын жеткіліксіз жүргізді» деген айып тағылған еді. Ал мені кәметке толмағандар ісі жөніндегі комиссия хатшысы қызметінен босату туралы ұсыныс айтылды. Сонда Өзбекәлі Жәнібеков орнынан тұрып, сабырлы дауыспен:

– Жас жігітті қозғамаңдар. Комиссия төрағасы ретінде барлық жауапкершілікті өзім аламын, – деді. Осы сөздері үшін өзі қатаң сөгіс алды. Отырыс біткен соң менің абыржулы күйімді байқап:

– Уайымдама, уақыты келгенде кімнің дұрыс, кімнің бұрыс болғанын тарих өзі айтады, – деген еді. Ол кісінің бұл сөздері күні бүгінге дейін жадымда жаңғырып тұрады.

Бүгінгі күннің мәні

Бүгін Қазақстан Тәуелсіздік күнін атап өтіп жатқанда, мен тағы да әділдік жолында алғаш болып үн көтерген азаматтарды еске аламын. 1986 жылғы желтоқсандағы жастар бүкіл әлемге біздің елімізде шындықты айтуға қорықпайтын буын есіп келе жатқанын көрсетті. Мен үшін 16 желтоқсан – жәй ғана мемлекеттік мереке емес. Бұл – ұмытылмас күн, мақтаныш пен алғыс күні. Өз өмірін аямай, еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігіне жол ашқан жандарға тағзым ету күні.

Бахтияр КАМАЛОВ,
мемлекеттік қызметтің ардагері.



«АДАЛ АЗАМАТ»

«ЖЕЛТОҚСАН ЖЕЛІ»

әнінің шығу тарихынан бір үзік сыр

Бізге Тәуелсіздікті сыйлаған – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы. Ұлт рухының асқақ символына айналған сол бір саяси қозғалыс тарих парағынан да, ұрпақ жадынан да өшпеуге тиіс. Алматының А.П.Чехов атындағы орталық қалалық кітапханасында өткен желтоқсаншылармен кездесу жастарға осыны жеткізгісі келді.



де өздеріңе аманат! – деді Әбиірбек Тінәлі.

Сондай-ақ, кездесуде Желтоқсан қаһармандары – Нұрлыбек Ахметов және Перуза Асылбек, Роза Ахметова, Ләззат Жалбырова сынды намысты қыздарымыз да сөз сөйледі. Сол бір ызғарлы Желтоқсан оқиғасының, солақай саясаттың шынайы куәгерлері бір сәт өткенге оралып, естеліктер айтты.

Әдеби-танымдық кеште Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры, ҚР еңбек сіңірген артисі Дариға Тұранқұлованың шәкірттері Желтоқсан оқиғасын баяндайтын сахналық қойылым ұсынды. Болашақ актер қыз-жігіттер сахнада «Қайрат қайда? Ләззат қайда? Ербол қайда?» деп толғанып, «Желтоқсан желі» әнін шырады. Мұз үстінде отырған жігіттерді дубинкасымен тұқыртып тұрған милиционердің «шаш ал десе, бас алатын» жауыз бейнесі де сәтті шықты. Бас-аяғы бес-он минуттың ішіне сыйып кеткен Желтоқсан оқиғасын жастар жылап тұрып сахналады. Ал залда көрермен болып отырған желтоқсан қаһармандарының күрсіне көз жасын сүртіп мұңайып қалғаны да көпті толқытты. Риза болған Әбиірбек Тінәлі орнынан тұрып, «қане, қол жайыңдаршы, балаларым!» деп, өнегелі әңгімелерге құлақ түрген, тарихи оқиғаның салмағын сезіне білген Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының, Алматы технология және флористика колледжінің студенттері мен №15 гимназия оқушыларына батасын берді.

Нұржамал ӘЛІШ

Әдеби-танымдық кешке біздің шаһарға Тараз шаһарынан әнші, сазгер, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, әйгілі «Желтоқсан желі» әнінің авторы Әбиірбек Тінәлі арнайы келді. Ол жастарға әннің шығу тарихын әсерлі баяндап, бұл туындыны эфирге ең алғаш «Азаттық» радиосы таратқанын ерекше атап өтті. Әрине, кеште әнін орындап берді. Осыдан 39 жыл бұрынғы әнді дәл бүгін туғандай, дауысына діріл араласып әсерлі де мұңды орындаған сазгерге және жақсы әнге көрермен ризашылықпен қол соқты. Жары Майра Асанова екеуі орындаған «Анамның тілі»

әні де танымдық кештің мәназмұнын байыта түсті. Тіпті, жастар орнынан тұрып ұзақ қол соқты. Ел билігіне қазақ ұлтының перзенті болсын деген тілекпен бірге, туған тіліміздің де төрге шығуын талап еткен Желтоқсан оқиғасын көрмеген кейінгі ұрпақтың да жүрегін қозғады бұл әндер. Шығармалардың өміршеңдігі де осы болса керек.

– Алтындарым, балаларым! Шона Смаханұлы деген аталарың болған, осы Алматыны жаяу аралап жүріп 25 қазақ мектебін ашқан. «Анамның тілі» деген әнімнің сөзін сол кісі жазған. Әнді тыңдап отырып сендердің де әсерленгендеріңді көріп жүрегім толқып кетті. Біздің ізімізді жалғайтын ұрпақ бар екен деп қуанып отырмын. Бар болыңдар! Ел де, жер де, тіл

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Әбиірбек ТІНӘЛІ, әнші, композитор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері:

ӘР ҚАЗАҚТЫҢ ЖҮРЕГІНДЕ ЖАЗУЛЫ

Жамбыл облыстық драма театрында актер едім. Таңертең жұмысқа келе жатып «Алматыда жастар көтеріліпті» деген сөзді естіп қалдым. Көңілге алаң кірді. Не жағдай екен, газет іздеп табайыншы деп жолдың арғы бетіне өте бергенімде, тоғыз қабатты технологиялық институт жатақханасының ең жоғарғы жағынан қыз-жігіттердің бір-біріне жалғанған ақ сейсеп арқылы төмен түсіп жатқанын байқадым. Жатақхана алдында торуылдап тәртіп сақшылары тұрғандықтан, студенттер осылай артқы жақтан терезеден қашып шығып жатыр екен. Бұл көрініске әлгіндегі Алматыдағы жағдайдың әсері барын бірден сездім.

Ішім алай-дүлей. Жұдырықтай жүрегім кеудеме сыймай барады. Жұмыс орнына жеткенше ыңылдап келем. Жүрегіме әлдебір әуен құйылып жатыр. Театрға кірген бетте газет-журналға жармастым. «Қазақтың жиырма мыңнан астам қыз-жігіті басбұзарлық жасады. Брежнев алаңында машиналарды еш себепсіз өртеуде. Құқық қорғау органдарына бағынбай жатыр. Бәрі ішіп алған, шегіп алған» деген сынды ойға қонымсыз сөздер жазылыпты. Көз алдымнан тоғыз қабатты жатақхананың терезесінен маталарды бір-біріне жалғап түсіп жатқан қыз-жігіттер кетер емес. «Ойпырмай, анау ақ сейсептер қай жылғы дейсіз, жыртылып, үзіліп кетсе мерт болмай ма» дейді алаң көңілім. Сөйтіп, Алматы жастарының бас көтеруі, оған жер-жердегі қыз-жігіттердің үн қосуы, өзім куә болған әлгі жанкешті жағдай – бәрі-бәрі жаныма тыныштық бермеді.

Сөйтіп, 1986 жылғы желтоқсанда алаңға шыққан қазақ жастарының жаппай наразылығы, әділетке ұмтылысы мен рухқа толы намысы әуенге айналды. Содан осы әнге сөз жазу үшін ақын іздедім. Сол күндері Таразға ақын Әбдірахман Асылбеков келгенін естіп, тауып алдым. «Желтоқсан желі» әні осылай өмірге келген. 1986 жылғы желтоқсанда намыс пен арды ту еткен қазақ жастары қалың жұртшылыққа қиянатқа көнбейтінін, ұлт болашағы үшін отқа да, суға да түсуге дайын екенін дәлелдеді. Ол күн – тарих парағында ғана емес, әр қазақтың жүрегінде жазулы.



Перуза АСЫЛБЕК, «Желтоқсан – Алматы» қоғамдық бірлестігінің Әуезов ауданы бойынша жетекшісі:

ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАДІРІН БІЛГЕЙСІҢДЕР!

Осыдан 39 жыл бұрын «арақ ішіп, наша шегіп алып көліктерді өртеген басбұзар жиырма бес мың қазақ жастарының» арасында біз де болған едік. Иә, өкінішке орай бізді осылай қаралаған сол кездегі солақай саясат. Ол жерде ешқандай да бұзақылық болған жоқ, керісінше милиция сол күні кешке таман барлық жақтан жолды жауып, бізді жібермеді. Қайта олардың өзі ілік іздеп, тиісіп, жанымыздағы тұрған екі жігіттің қолын артына қайырып машинаға бүктеп тыға бастады.

«Бұларыңыз не?» деп жүгіріп бардым. «Арақ ішіп алған», – деді. «Ешқашан ішімдік ішпейтін жігіттер, біз білеміз оларды, қалайша?!», – деп машинадан бері жұлқи тарта бастадым. Әрине, милиционерлер де өз жұмысына бағынады ғой, дегенмен ішіндегі біреуі «мына жерден тез кетіп қалыңдар, жатақханаларыңа қайтыңдар» деп босатып жіберді. Сонда да көңіліміз тыншымай, Байтұрсынов көшесімен төмен қарай түсіп, Абай даңғылымен көтеріліп, қазіргі Ұлттық кітапхананың ортасынан кесіп өтіп алаңға жеттік. Жоғарғы жақта самаладай жарқырап прожектор тұрды. Дәл астына кеп тұрмыз. Бір кезде қасымыздағы бір жігіт: «Мына прожекторға беттерің түсіп қалмасын, ертеңгі күні осы арқылы қылмыскер болып шығасыңдар!», – деді. Бәріміз де қулық-сұмдығымыз жоқ, уыздай жаспыз, прожектор дегенге мүлдем мән беріп тұрғанымыз жоқ. «Қылмыскері несі?! Біз өз елімізге өзіміздің ұлттың адамы басшы болсын деп келіп тұрмыз ғой. Бары сол ғана» дейді ішкі ойым. Біз тіпті, қоғамдық көлікте, өз елімізде тұрып бір-бірімізбен қазақша сөйлесе алмайтынбыз. Әлгі көреген жігіт дәл айтқан екен, кейін мыңдаған жас қудаландық қой. Оқудан, жұмыстан шығып, өмірі тас-талқан болып, денсаулығынан айырылғаны қаншама! Айналайын, жастар! Бұл Тәуелсіздік – ендігі жерде сендерге аманат, қадірін білгейсіңдер!



ӨНЕГЕЛІ ӨМІР



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

Сәуле Досжан оқушылармен кездесіп, жаңа еңбегін таныстырды

Тәуелсіздік мерекесі аясында Наурызбай ауданындағы №187 жалпы білім беретін мектеп оқушылары көрнекті ақын, жазушы, ҚР мәдениет саласының майталманы Сәуле Досжанмен кездесті. Кездесуде жазушының еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бала кезеңі мен тұлғалық қалыптасу жолына арналған «Бала шақтан – болашаққа» атты шығармасының тұсауы кесілді.



Рая
ЕСКЕНДІП

Жазушы Сәуле Досжанның бұл туындыға дейін де бірнеше кітабы жарық көрген. Ал аталмыш повесте автор Мемлекет басшысының

бала күнінен бастап ұлт көшбасшысы деңгейіне дейінгі дара жолын қамтыған. Болашақ мемлекет қайраткеріне ықпал еткен отбасылық тәрбие, рухани құндылықтар, адамгершілік ұстанымдары көркем тілмен баяндалады. Осынау туындыға Кемел Тоқаев сынды

қазақ детектив жанрының негізін қалыптастырған, ұлт әдебиетінің көрнекті өкілі, терең парасат иесі болған әкенің тәлімді сөзі мен ұлағатты өнегесі арқау болған. Бала-сының болашағына адал еңбек пен адамдық қасиетті ту етіп сіңіре білген Кемел Тоқаевтың тәрбиелік ұстанымдары бүгінгі ұрпақ үшін, кез келген шаңырақ иесі үшін де қымбат қазына екені айқын сезіледі.

Жазушы Сәуле Досжан өз шығармасының алғашқы бетінен-ақ Президенттің балалық шағын нәзік иірімдермен суреттей отырып, жас оқырманның жүрегіне жақын, өзіне өмірлік ұстаным ретінде қабылдайтындай тағылымды ойлармен жеткізе білгені айқын сезіледі. Бұл еңбек – табандылық пен еңбекқорлықтың, Отанға адал қызмет етудің, адамдық қасиет пен жауапкершіліктің құнын жоғалтпайтын ұлылық екенін дәріптейтін шығарма. Кеш барысында жазушының ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, сазгер, продюсер Алтын Махамбетовпен бірлесе жазған бірнеше әні орындалды.

Кездесуде оқушылар автормен еркін форматта сұхбат құрып, шығармадағы тәрбиелік мазмұнды, Президенттің балалық шағынан алынған өмірлік сабақтарды талқылады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сәуле ДОСЖАН,
жазушы:

**Тұлға –
ананың мейірімі мен
әкенің үлгісі арқылы
қалыптасады**

Бұл кітапты жазудағы басты мақсатым – Президенттің қандай ерекше адам екенін көрсету болды. Бірден айта кетейін, бұл ешқандай жағымпаздық та, асыра мадақтау да емес. Барлығы өмірде қалай болған болса, сол күйінде беріліп отыр.

Мен бұл еңбекті, ең алдымен, отбасы институтына қосқан өз үлесім болсын деген ниетпен жаздым. Балаларымыз жақсы тәрбиеленсін дедім. Маған «Неге дәл осы тұлғаны таңдадыңыз?» деген сұрақ жиі қойылады. Президенттің ата-бабасы ашаршылық жылдары үлкен қиындықтарды бастан кешкен, Қырғызстанға дейін босып барып, кейін елге оралған. Ұлы Отан соғысына қатысып,

Отанын қорғаған. Әулеті ел үшін аянбай еңбек еткен жандар. Әкесі Кемел Тоқаев та, анасы Тұрар апай да бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Кеш дүниеге келген баланы екеуі де үлкен жауапкершілікпен өсірген.

Себебі, болашақта мықты тұлға қалыптасуы үшін бала ең алдымен отбасында дұрыс тәрбие алуы керек. Қазір «Отбасы институты» деп көп айтамыз ғой, мен сол үлкен тақырыпқа өз тарапымнан кішкентай ғана үлес қоссам дедім. Ол үлес ел назар аударатын тұлғаның өмірі арқылы берілсе деген ой болды. Бұл ойымды Халық қарманы Сәт Тоқпақбаев та қолдады. Ол кісі: «Президенттер туралы кітап көп, бірақ олардың бәрі саяси өмірін жазды. Ал сен балалар мен жастарға арналған, отбасылық тәрбиеге негізделген кітап жазсаң», – деп кеңес берді. Сондықтан бұл кітапта саяси өмір жоқ. Таза отбасылық тәрбие, ата-ана мен бала арасындағы байланыс, адамгершілік құндылықтар ғана баяндалады.

Кітап «Дәуір» баспасынан жарық көріп, Қазақстандағы жеті мың кітапханаға таратылды.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

АЙТМАТОВ ӘЛЕМІ:

Жеңімпаздар марапатталды

Алматыдағы Достық үйінде қазақ пен қырғыз әдебиетінің ортақ құндылығына айналған жазушы Шыңғыс Айтматовтың туған күніне арналған «Айтматовтың жаңғырығы: Ала-таудан Ұлы далаға» атты шығармашылық кеш өтті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Іс-шара аясында қаламгердің әдеби мұрасын насихаттауға бағытталған кітап көрмесі ұйымдастырылды. Онда жазушының қазақ және қырғыз оқырмандарына кеңінен танылған шығармалары қойылған. Сондай-ақ, Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актерлері жазушы шығармаларынан қойылым ұсынды.

Іс-шараға зиялы қауым өкілдері, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері мен мүшелері, Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының докторанттары мен студенттері, мектеп оқушылары қатысты.

Шыңғыс Айтматов – қазақ пен қырғыздың әдеби мұрасын тоғыстырған, адам тағдыры, махаббат, қоғам, уақыт туралы терең ойға жетелейтін туындылардың авторы. Оның мұңға толы прозасы оқырманын бірден баурап, ұлт мақтанышына айналған көркем мұра ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келеді.

«Қырғыз этномәдени орталығы» төрағасының орынбасары Манас Ташыбековтың айтуынша, биылғы іс-шара жазушы Шыңғыс Айтматовтың 97 жылдығына және Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналды. Іс-шара аясында бір ай бұрын жарияланған халықаралық шығармашылық эссе конкурсының қорытындысы жарияланып, үздік жұмыстар марапатталды.

«Қырғыз халқы туралы айтқанда, біздің есімізге ең алдымен екі ұлы есім оралады. Олар – Манас және Шыңғыс Айтматов. Манас – эпосымыздың биік рухы болса, Шыңғыс Айтматов – ұлы шың. Оның шығармалары 175 тілге аударылды. Бұл – біздің рухани байлығымыздың бүкіл әлемге таралғанының дәлелі», – деді ол.

Шығармашылық байқауға Қырғызстан, Қазақстан, Түркия, Вьетнам секілді бірнеше елден барлығы мыңға жуық жұмыс жолданған. Соның ішінен жүзге жуық қатысушы үздік деп танылды.

Халықаралық ғылыми конференцияға Қырғызстан, Қазақстан және Вьетнамнан әдебиеттанушылар мен зерттеушілер қатысты. Айтматовтың шығармалары алғаш рет вьетнам тіліне аударылып, жаңа жинақтың тұсаукесері өтті. Басылымға «Жәмила» повесі мен басқа да таңдаулы шығармалары енген.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



«I Love KZ»

Алматының дәрігерлері жұмыс орнын мерекелік түске бояды



Алматының №4 қалалық перзентханасының медицина қызметкерлері жұмыс орнын I Love KZ сәнінде безендірді.



Нұржамал
ӘЛІШ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 34 жылдығына орай, перзентханаға аяқ басқан сәттен-ақ әр әйел мерекенің ерекше атмосферасын сезінесіз. Мемлекеттік рәміздер қабылдау бөлімінен қарсы алып, акушерлер көгілдір түске сәнделген безендіру аясында келушілерді мақтанышпен қабылдап жатыр.

Босану бөлімі, балалар бөлімі, патология бөлімі және босанудан кейінгі бөлім – әр жұмыс орнында еліміздің мемлекеттік рәміздері ыждағатпен орналастырылған.

«Жыл өткен сайын Тәуелсіздік күні басқаша, ерекше сезіледі. Біз бәріміз еліміздің жарқын болашағы үшін қызмет етеміз. Күн сайын көз алдымызда Қазақстанның жаңа азаматтары дүниеге келеді. Мереке қарсаңында, содан кейін де дүниеге келген сәбилердің анасы бұл сәтті ерекше жылулықпен еске алады. Отбасындағы ең маңызды оқиға Тәуелсіздік күнінде орын алғанын мақтанышпен айтады», – деп түсіндірді бұл идеяны перзентхананың акушер-гинекологы Айнұр Иманқұлова.

Айта кетейік, Республика күніне орай Алматының №4 қалалық перзентхана-сында нәрестелерге I love KZ сәніндегі арнайы брендтелген киім сыйға тартылған болатын.



Суретті түсірген Сағат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТРАВМАТОЛОГ ЕСКЕРТЕДІ!

Қыс мезгіліндегі көктайғақ салдарынан травматология пунктінде жүгінетіндер саны көбейеді. Сондықтан сақтық шараларын дұрыс сақтау аса маңызды. Қала тұрғындарына көктайғақ кезінде дұрыс сақтық шаралары мен назар аударатын негізгі кеңестерді ұсынғымыз келеді:

Қарапайым ережелер қауіпсіздігіңіз үшін маңызды. Сол үшін көктайғақ кезінде құлап жарақат алудан сақ болып, өзіңізге ыңғайлы аяқкиім таңдаңыз.

Қысқа қадамдармен жүруге дағдыланыңыз, әрі табанды толық басып, тайып кетудің алдын алыңыз. Жаяу жүруде қауіпсіздік үшін екі қолды бос ұстап, денені сәл алға еңкейтіп ұстау маңызды.

Бұл қарапайым болғанымен жүріс кезіндегі тепе-теңдікті сақтауға, құлап қалмауға, құлаған күнде де жарақат алып қалмауда өзіндік мәнге ие.

Тайып құлаған жағдайда жарақат алып қалмау үшін немесе салдарды барынша жеңілдету үшін бір жақ жаныңызбен құлауға тырысыңыз. Құлаған жағдайда сабыр сақтаңыз, жылдам тұрып кетуге тырыспаңыз. Қол-аяқ буын-дарының сау екеніне, қатты ауырсыну-дың жоқ екеніне көз жеткізгеннен кейін ғана орныңыздан тұрыңыз. Бұл жарақат салдарын ұлғайтпау септігін тигізеді. Ал сыну белгілері байқалса, дереу 103 нөміріне хабарласыңыз. Осы қарапайым қағидаларды сақтау арқылы қауіпті жарақаттардың алдын алуға болады.

Жасұлан АРҒЫНБАЕВ, травматолог, №7 қалалық емхананың дәрігері.

АЛМАТЫДА ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР ӨЗ ӨНЕРІН КӨРСЕТТІ

Мегаполисте Халықаралық мүгедектер күніне орай «Жүректен жүрекке» атты ауқымды қалалық инклюзивті шығармашылық фестиваль өтті. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды, жастарды және мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдауға бағытталған бұл бастама мәдени іс-шарадан гөрі, Алматының теңдік пен инклюзия құндылықтарын ресми түрде айқындайтын қоғамдық манифестке айналды.



Ернұр
РЫСБАЙ

Фестиваль қоғамды біріктіретін ашық алаң ретінде ұйымдастырылды. Мұнда әр бала мен жас өз қабілетін еркін көрсетіп, талантын танытуға мүмкіндік алды. Іс-шараның идеясы мен форматы Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Баланың құқықтары туралы» және «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңдарға толық сәйкес әзірленген. Ұйымдастырушылардың айтуынша, басты мақсат – Алматыны инклюзивті мәдениеттің орталығына айналдыру.

Фестивальдің философиясы қарапайым әрі терең: «Әр адам – бірегей. Әр адам – тең». Бұл – аяушылық емес, қабылдау мен қолдауға негізделген көзқа-



(Сурет: автор).

рас. «Жүректен жүрекке» арқылы қала инклюзияны әлеуметтік саясаттың бір бағыты ғана емес, мәдени кодтың ажырамас бөлігі ретінде қабылдауға қадам жасады. Осылайша Алматы Орталық Азиядағы ең ірі инклюзивті мәдени бастамалардың бірін жүзеге асырды.

Іс-шараны Алматы қаласының әкімдігі мен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, сондай-ақ «Ерекше балалардың ата-аналар

одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі бірлесіп ұйымдастырды. Фестивальге демеушілер, кәсіпкерлер, блогерлер және қоғам белсенділері де қолдау көрсетті.

«Ерекше балалардың ата-аналар одағы» РҚБ басшысы, ерекше баланың анасы Рауан Сағадиева фестивальдің мәнін былай түсіндірді:

«Біздің мақсат – балаларды диагно-зына немесе жасына қарай бөлмей, бар-

лығына тең мүмкіндік беру. Біз инклюзияны білім, денсаулық, әлеуметтік қолдау, психологиялық және құқықтық көмек арқылы дамытамыз. Бұл фестиваль арқылы қоғамға бір ғана ойды жеткізгіміз келеді: біздің балалар әдемі, талантты, мүгедектік – қорқынышты нәрсе емес. Әр баланың артында жүрек, жан, ата-ана тұр. Бізді бөлектемей, қосыңыздар», – деді ол.

Алматыда алғаш рет өткен фестивальге 25 өтінім түсіп, денсаулық жағдайына байланысты 17 қатысушы өнер көрсетті. Ұйымдастырушылардың шешімімен бұл жолы барлық қатысушы жеңімпаз деп танылып, сыйақылар табысталды. Алдағы жылдан бастап фестивальді республикалық деңгейге шығару жоспарланып отыр.

Фестивальге қатысушылардың бірі, әнші әрі ақын Асылбек Қуанышқалиев іс-шараның атмосферасына жоғары баға берді. «Бүгінгі фестивальге қатысқан әр жан – жеңімпаз. Алматы қаласына қоныс аударғаннан бері байқағаным, бұл қалада мүмкіндігі шектеулі жандарға ерекше көңіл бөлінеді. Қолдау нақты іспен дәлелденіп отыр. Осындай алаңдар бізге өмірге деген құштарлық пен сенім сыйлайды», – деді ол.

«Жүректен жүрекке» фестивалі Алматыда инклюзияның тек ұран емес, нақты әрекет екенін көрсетті. Бұл – талантты тану, тең мүмкіндікті мойындау және жүректен жүрекке жол табатын мәдени диалогтың бастауы.



ТӘУЕЛСІЗДІК ҚҰРДАСТАРЫ

Бейбіт күндегі ұрпақтың ой-толғамы

Бүгін – Тәуелсіздік күні, ұлы мейрам. Мереке қарсаңында біз тәуелсіздік құрдастарымен тілдескен едік. Егемендікке қол жеткізген 1991 жылы дүниеге келген, елімізбен бірге өсіп, қалыптасқан ұрпақтың ойы мен тілегін тыңдап көрдік. Әрқайсысы өз саласында табысты еңбек етіп жүрген тәуелсіздік құрдастары ел болашағы мен бейбіт өмір жайлы жүрекжарды лебіздерін бөлісті. Ендеше, Тәуелсіздік құрдастары сөз алады...

Елдос ҚОЙШЫМАНОВ,
№1 қалалық клиникалық аурухананың анестезиолог-реаниматолог дәрігері:

ТАРИХИ СӘЙКЕСТІК ҚАНА ЕМЕС, ӨМІРЛІК ЖАУАПҚЕРШІЛІК

Мен де Тәуелсіздікпен бірге туған буынның бірімін. 1991 жылы 30 тамызда, Қазақстан Тәуелсіздік алған жылы қазіргі Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Шайпақ ауылында дүниеге келдім. Сол жерде өсіп-өнім, орта мектепті тәмамдадым. 2009 жылы Алматы қаласындағы С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне оқуға түсіп, 2016 жылы тәмамдадым. 2017–2020 жылдары А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығында анестезиология және реаниматология мамандығы бойынша резидентурада білім алдым. Бізбен бірге елдің жүгі, үміті, жаңа тарихы да дүние есігін ашты. Сондықтан Тәуелсіздік күні – мен үшін мереке ғана емес, өз өмірімнің тарихи жолы.

2020 жылдан бері реанимация бөлімінде қызмет атқарып келемін. Қазіргі таңда Алматы қалалық онкологиялық орталығында және «Қалқаман» ықшамауданындағы қалалық ауруханада жұмыс істеймін. Жалпы, медицина саласында 2013 жылдан бері қызмет етемін. Осы жылдар ішінде реанимация бөлімінде қаншама ауыр халдегі науқастарға көмек көрсетіп, олардың өмірін сақтауға атсалыстық. Операция кезінде наркоз бен анестезия жүргізіп, хирургиялық емнің сәтті өтуіне үлес қосу – мен үшін үлкен жауапкершілік әрі кәсіби міндет.

Тәуелсіздік құрдасы болғаным ерекше қуаныштымын. Мен үшін жәй тарихи сәйкестік емес, өмірлік жауапкершілік. Егемен елде білім алып, өз мамандығым бойынша ел игілігіне қызмет етіп жүргенімді мақтаныш тұтамын. Өз ісіннің нәтижесі оң болған сайын, мамандығыма деген сүйіспеншілігім арта түседі.

Алда келе жатқан 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күнімен барша қазақстандықтарды шын жүректен құттықтаймын. Елімізге тыныштық пен амандық, халқымызға береке-бірлік тілеймін!



Ерасыл ЕГІНБАЕВ,
«Алатау» дәстүрлі өнер театрының актері:


БҰЛ МЕРЕКЕ ӨЗДІГІНЕН КЕЛГЕН ЖОҚ

Тәуелсіздіктің құрдасы атану – мен үшін үлкен мәртебе әрі мақтаныш. Сол жылы 24 шілдеде Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Ақжар ауылында дүниеге келдім. Қазіргі таңда «Алатау» дәстүрлі өнер театрында актер болып қызмет атқарып келемін. Бұл салада еңбек етіп жүргеніме алты-жеті жылдай уақыт болды. Тәуелсіздік – киелі ұғым. Ол – бейбіт

өмірдің, азат сананың, ұлт рухының символы. Бұл мереке өздігінен келген жоқ. Оның астарында ата-бабамыздың қаны мен көз жасы, сан ғасырлық күрес, ұлттың тағдыры жатыр. Сондықтан тарихты ұмытпау – әрбір тәуелсіз ел азаматының борышы деп есептеймін.

Қазақ халқы тәуелсіздік жолында үш ғасырға жуық уақыт бойы күресті. Осы жолда ұлт мүддесін қорғау үшін қаншама азамат өмірін қиды. Сол ерлердің арқасында біз бүгін еркін елде өмір сүріп отырмыз, өз тілімізде сөйлеп, ұлттық өнерімізді сахнада жаңғыртуға мүмкіндік алдық. Өнер – халықтың ұлттық болмысын сақтайтын, тарих пен болашақты жалғайтын көпір. Тәуелсіздік құрдасы ретінде елдің мәдениет саласына қызмет етуді өзіме үлкен жауапкершілік санаймын.

Тәуелсіздік күнімен барша қазақстандықты шын жүректен құттықтаймын!



Ерік СЕРІКУЛЫ,
Қ.Сәтбаев университеті Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы:

ҒЫЛЫММЕН АЙНАЛЫСУҒА МҮМКІНДІК МОЛ

1991 жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақанас ауылында дүниеге келдім. Егемендікпен бірге есейген буынның өкілі ретінде Тәуелсіздікті тек тарихи дата емес, өз өмір жолыммен тікелей сабақтас құндылық деп қабылдаймын. Қ.Сәтбаев университетінің Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасында аға оқытушы болып еңбек етемін. Ғылым жолын таңдаудағы басты мақсатым – Қазақстанның ғылыми әлеуетін арттыруға үлес қосу. Тәуелсіз елде ғылыммен айналысуға мүмкіндік мол. Соның айғағы ретінде 2022–2024 жылдары «Жас ғалым» бағдарламасы аясындағы жобаны, ал 2025–2027 жылдары гранттық қаржыландыру жобасын жеңіп алдым.

Мұның бәрі отандық ғылымды қолдауға бағытталған мемлекеттік саясаттың нақты нәтижесін көрсетеді деп санаймын.

Ғылыми зерттеулерім қазақстандық және шетелдік рецензияланатын журналдарда жарияланып келеді. Сонымен қатар, мен бірқатар отандық және халықаралық ғылыми басылымдардың рецензенті ретінде де қызмет атқарамын. Олардың қатарында Scopus және Web of Science дерекқорларына енетін жетекші халықаралық журналдар, соның ішінде MDPI, Elsevier, Springer Nature баспаларының журналдары, сондай-ақ Results in Engineering секілді Q1–Q2 санатындағы басылымдар бар. Қазақстандық ғалымдардың әлемдік ғылыми кеңістікке еркін еніп жатқанының дәлелі.

Мен үшін Тәуелсіздік – ғылыммен еркін айналысу, халықаралық тәжірибені игеру және оны ел игілігіне жарату. Бүгінде жас ғалымдардың алдында үлкен жауапкершілік тұр. Тәуелсіздік құрдасы ретінде ел ғылымының дамуына қызмет етуді өзімнің азаматтық әрі кәсіби борышым деп білемін. Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ТАРИХҚА ТАҒЗЫМ – ЕРЛІККЕ ҚҰРМЕТ

Алматыда оқушылар Желтоқсан қаһармандарымен кездесті

«Желтоқсан деген бір ай бар» деп ақын Есенғали жырлаған желтоқсанның орны біз үшін қашан да ерекше. Өйткені, осынау Алматыдағы аты мәлім алаңда болған айтулы оқиға тарих доңғалағын бағытынан тайдырып, алып империяны шайқап, соңында ұлт тәуелсіздігіне бастау болып қалып еді. Сондықтан елінің болашағы үшін жанын пидда еткен батыр ұл-қыздың рухына тағзым етіп, сол бір ызғарлы күнді еске алып отыру – бүгінгі біздің парызымыз.



– Егемендіктің 34 жылында еліміз дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Мемлекеттік рәміздеріміз, тіліміз бен дініміз, ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүріміз жаңғырып жатыр. Бұл жетістіктердің барлығы – тәуелсіздіктің баға жетпес байлық екенін тағы бір мәрте дәлелдейді емес пе? – деді ол.

Республикалық «Желтоқсан ақиқаты» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болат Құрымбаев та тәуелсіздіктің қазақ халқы үшін өлшеусіз құндылық екенін айтып, ата-бабаның сан ғасырлық азаттық арманы мен еркіндікке ұмтылған қайсар рухына ерекше тоқталды.

– Біздің мемлекетіміздің, ел Президентінің ұстанып отырған саясаты – бейбіт өмір. Төңірегімізде тынышы кеткен елдер де бар. Ондай күннің бетін әрмен қылсын. Ата-бабамыз сан ғасыр бойы армандаған азаттыққа бүгінгі ұрпақтың қолы жетті. Енді сол тәуелсіздіктің тағдыры, оның берік болуы тек өзімізге байланысты. Бұл жолда күш көрсету емес, терең білім мен адал еңбек қажет. Өйткені, елдің ертеңі – сіздер, – деді Болат Құрымбаев оқушыларды елі мен жерін сүюге, Отанын қорғауға шақырып.

Тағылымды іс-шара ел тарихына тағзым етіп, жас ұрпақтың елдік сана-сезімін нығайтуға, тәуелсіздіктің қадірін терең түсінуге бағытталған мазмұнды кездесу ретінде қорытындыланды. «Тәуелсіздік – қазақ үшін ғажап құт» атты кешті қорытындылаған гимназия директоры Роза Сұраншиева Тәуелсіздік күніне арналған іс-шараға қатысып, мазмұнды естеліктерімен бөліскен қонақтарға ұстаздар мен оқушылар атынан ризашылығын білдірді.

Кеш аяқталғанымен, оқушылар жолы жиі түсе бермейтін қаһарман ағаларымен қимай қоштасты.

терді тебіренбей көру, толқымай тыңдау мүмкін емес еді.

Кеш жүргізушілері осыдан отыз тоғыз жыл бұрын өткен күндердің елесін қайта жаңғыртқандай болып, Желтоқсан аласапыранының әр сәтіне шолу жасап, тарихи деректермен кештің мазмұнын байыта түсті. Сахна төрінде айтылған тағылымды ойлар арқылы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызы, оның тәуелсіздікке апарар жолдағы шешуші белес екені кеңінен қамтылды.

Рухани іс-шараға «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Алматы қалалық қоғамдық кеңес мүшесі, дүниежүзілік «Қазақ тілі» қоғамының Алматы қаласы, Алатау аудандық филиалының төрағасы Болат Құрымбаев, «Патриоттық қозғалыс» Жетісу аудандық төраға орынбасары Ба-

қытжан Сайлыбаев және Серік Нәсімжанұлы арнайы қатысып, мұндай кездесулердің жас ұрпақты отаншылдық пен патриотизмге баулып, елі мен жерін, тілі мен ділін құрметтеуге үндейтінін атап өтті.

Кеш қонақтары бабалар салып кеткен күрес жолының бастауы – Тәуелсіздік, ал оның түп-тамыры Желтоқсан екенін баса айтты. Олар 1986 жылғы ызғар бір күндік наразылық емес, ғасырлар бойы еркіндікке деген ұмтылыстың көрінісі екенін тілге тиек етті. Бостандық жолында төгілген қан мен ел үшін жанын қиған ерлердің ерлігі ұрпақ жадында мәңгі сақталуы тиіс екенін ерекше атап өтті.

Кездесу барысында мектеп басшысы Роза Махмудқызы Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасу жолына кеңінен тоқталып, осы жолда жанын қиған ерлердің еңбегі туралы баяндады.



**Рая
ЕСКЕНДІР**



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ

футбол орталығына айналып келеді

Алматыда алғашқы Орталық Азия футбол форумы – CAFF-2025 өтті. Халықаралық іс-шараға Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Беларусь мемлекеттерінің футбол мен футзал өкілдері қатысты.



Досбол
АТАЖАН



Форумның бас ұйымдастырушысы Жібек Исаева футбол әлемнің түкпір-түкпіріндегі адамдарды біріктіретін спорт түрі екенін атап өтті.

– Біздің форум Халықаралық футбол күніне орай ұйымдастырылды және футболды дамыту мен кеңінен насихаттау үшін көршілерімізбен күш-жігерді біріктіруге бағытталған. Форумға қатысушылардың барлығы мұнда тәжірибе алмасып,



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

өздеріне пайдалы ақпарат ала алады, – деді ол.

Ал Тәжікстан футбол федерациясының өкілі Рамазон Мирзоев мұндай іс-шараның өңірдегі футбол деңгейін арттыруға көмектесетінін айтты.

– Футзалдағы «Қайрат» жетістіктері, футболдан УЕФА Чемпиондар лигасында «Қайраттың» өнер көрсетуі, Өзбекстан құрамасының 2026 жылғы әлем чемпионатына жолдама алу – осы жетістіктерге көршілеріміздің қалай жеткені біз үшін әрдайым қызықты әрі пайдалы. Біз футболға қатысты ортақ қызығушылықтарды



анықтадық және енді бауырлас халықтардың өкілдерін өз жерімізде көргіміз келеді. Алматыда қолдау тапқан жоспарлардың қатарында келесі жылы медиа-жұлдыздары қатысатын турнир өткізу бар, – деді ол.

Жалпы, форум барысында кәсіби футбол клубтары мен халықаралық федерациялардың даму стратегиялары, балалар-жасөспірімдер және әлеуметтік футбол академиялары, жас ойыншыларды дайындау, инновациялар және технологиялар, Digital шешімдер талқыланды.



КОЛЛЕДЖ ҚҰРАМАЛАРЫ БАҚ СЫНАДЫ

Алматыда Тәуелсіздік күніне орай колледж командалары арасында шағын футболдан қалалық турнир өтті.

Жарыс Алматы көлік және коммуникациялар колледжінің жөндеуден өткен жаңа спорт залында ұйымдастырылды. Турнирде барлығы 7 колледждің командалары бақ сынады.

Алматы көлік және коммуникациялар колледжінің директоры Ербол Магазов мұндай спорттық жарыстарды ұйымдастыру арқылы оқушылар мен студенттерге Тәуелсіздік күнінің мән-маңызын түсіндіріп, оны насихаттау маңызды екенін атап өтті.

– Студенттер арасында Спартакиада бар. Онда командалар футбол, волейбол және өзге де спорт түрлерінен бақ сынап, жеңіске жеткен ұжым кейін республикалық турнирге

қатысады. Алайда, бүгін жолдастық турнир ұйымдастырылып жатыр. Ол Тәуелсіздік күніне орай және бір жағы жаңарған спорт кешеніміздің ашылуы ретінде өтіп отыр. Сондай-ақ, биыл Желтоқсан оқиғасының болғанына 39 жыл толады.

Меніңше, бұл маңызды тарихи оқиға, қанша адамның тағдыры өзгерді. Ол болмағанда Тәуелсіздік күніне жетер ме едік? Сондықтан оны оқушыларға, студенттерге, жастарға насихаттау – біздің міндетіміз. Бүгін спорттық жарыс өтсе, алдағы уақытта салтанатты іс-шара да өтеді, – деді Ербол Магазов.

Турнир қорытындысы бойынша Алматы энергетика және электронды технологиялар колледжінің командасы бірінші орынды иеленді. Екінші орынға Алматы теміржол көлігі колледжінің командасы жайғасты. Үздік үштікті Алматы политехникалық колледжі түйіндеді.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕГБИШІЛЕРІ

2025 жылды жеңіспен аяқтады

2025 жыл аяқталып келеді, жыл қорытындысын шығаратын уақыт та жетті. Қазақстандық регбишілер регби-7 бойынша еліміздің жоғары лига командалары арасындағы ішкі чемпионатты да сәтті аяқтады.

Регби-7 бойынша ерлер және әйелдер ұлттық құрамаларының ойындарында айтарлықтай ілгерілеу байқалады. Оңтүстік Африка Республикасынан келген белгілі мамандармен бірлесе жаттықтыру басталғалы бері екі құраманың да ойын деңгейі едәуір өсіп отыр. Әйелдер құрамасының бас жаттықтырушысы – Фабиан Джурис, ал ерлер құрамасының жаттықтырушылары – Ludwiche Hermanuss пен Johannes Zariascharias.

Ерлер құрамасының капитаны Расулмагомед Магомедовтың айтуынша, биыл тамыз айында Оңтүстік Африка Республикасындағы ерлер және әйелдер құрамалары үшін өткен үш апталық оқу-жаттығу жиындарының маңызы ерекше болды. Жаттығу жиындарын Қазақстан регби федерациясы ұйымдастырды. Біздің спортшылар регби №1 спорт түрі болып саналатын елде болып қайтты. Мұнда балалар регбимен 5 жастан бастап шұғылданады, ал ОАР ұлттық құрамасы әр жылдары әлем чемпионы атанған. Жиын барысында Қазақстан командалары ауқымды жұмыс атқарып, жергілікті мықты ұжымдармен жолдастық кездесулер өткізіп, баға жетпес тәжірибе жинады.

Қазан айының орта тұсында әйелдер ұлттық құрамасы Шри-Ланкада өткен, Азия чемпионатына теңестірілген Азия сериясының кезеңіне қатысты. Жарыста 12 әйелдер командасы бақ сынады, ал Қазақстан



Ерлер командалары арасындағы жүлделі орындар келесідей бөлінді:

ОФ «Азияспорт-Динамо» (Алматы қаласы).
ПРК «Олимп» (Талдықорған қаласы).
«Каспий» (Ақтау қаласы).

құрамасы бесінші орынға ие болды. Дайындықтың қазіргі деңгейін ескерсек, бұл – сөзсіз үлкен жетістік.

25-26 қазанда Оман елінде өткен «Asia Rugby Emirates Men's Seven Trophy 2025» халықаралық турнирінде Қазақстанның ерлер құрамасы алтын медаль жеңіп алды. Азияның 16 командасы қатысқан додада қазақстандық регбишілер бес матчтың бәрінде жеңіске жетті. Қырғызстан, Сауд

Әйелдер командалары арасында:

ОФ «Азияспорт-Динамо» (Алматы қаласы).
СДЮШОР №1 (Талдықорған қаласы).
«Олимп» (Талдықорған қаласы).

Арабиясы, Катар, Ауғанстан, Үндістан командаларын сенімді түрде ұтып, айқын басымдық көрсетті. Бұл жеңіс Қазақстанның Азия регби-7 лигасының жоғары дивизионына қайта оралуына жол ашты.

Қараша айының соңында ерлер және әйелдер құрамалары «Emirates Dubai 7s» турниріне қатысты. Ерлер командасы «International Open Men» дивизионында өнер көрсетті. Мұнда Азия құрлығының

ұлттық және клубтық командалары сайысқа түсті. Қазақстан құрамасы 14 команданың ішінде 5-орынға ие болып, тұрақты ойын өрнегін және жеңіске деген жоғары жігерін көрсетті.

Әйелдер құрамасы шақырылған командалар мен екінші құрамалар ойнаған II дивизионда сынға түсті. Олардың қатарында Бразилия, Австралия, Қытай және Бельгия командалары болды. Қазақстандық регбиші қыздар 9-орын алып, маңызды халықаралық тәжірибе жинады және командалық рухты күшейтті.

Сондай-ақ, Dubai 7s турнирінде Қазақстан атынан өнер көрсеткен ардагерлер командасының қатысуы да назар аударарлық жайт. Олар 10-орын иеленді. Бұл да Қазақстанда регбидің барлық деңгейде белсенді дамып, мықты спорттық дәстүрлер қалыптастырып келе жатқанын көрсетеді.

«Біз биыл барлық командаларымыздың жетістіктерін мақтан тұтамыз. Әр ойын, әр матч спортшылардың жеке дамуы мен халықаралық аренада қазақстандық регбидің беделін нығайту жолындағы маңызды кезең болды», – деп атап өтті Қазақстан регби федерациясы.

Жиналған тәжірибе 2026 жылға арналған дайындықтың берік іргетасы болмақ. Командалардың жоспарына жаңа халықаралық турнирлерге қатысу, ойыншылардың біліктілігін арттыру және жас спортшыларды қолдауға бағытталған бағдарламаларды жүйелі түрде дамыту кіреді.

Федерация Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне, Спорт және дене шынықтыру істері комитетіне және бас серіктесі – SportyQorga-ға ерекше алғысын білдіреді. Дәл осы қолдау командаларға өз спорттық мақсаттарына қол жеткізуге және әлемдік регбиде Қазақстанның позициясын нығайтуға мүмкіндік беріп отыр. Серіктестермен бірлескен жүйелі жұмыс тұрақты өсуге және халықаралық аренада табысты өнер көрсетуге қолайлы жағдай жасайды.

Мағауия НҰРҒАЛИЕВ,
(Сурет: Сергей ГРАНКО).



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2026 жылға баспасөзге жазылу науқаны жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ұтысқа түседі!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2026 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет!

2025 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp-нөміріне 8 707 766 80 00 немесе alatauqparat@gmail.com электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

Барлық почта бөлімшелерінде «Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС жазылуға болады.

Сондай-ақ, онлайн Qazpost.kz қосымшасы арқылы да жазылуға болады.

Қызмет тәулік бойы, 24/7 жұмыс істейді.



2026 ЖЫЛҒА БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 10031,52 теңге.

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 7391,52 теңге.

Тек бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

75 ЖЫЛДЫҢ БЕЛЕСІ

Алматы мемлекеттік бизнес колледжі өзінің 75 жылдық мерейтойын атап өтті. Тарихы сонау 1950 жылы құрылған Кеңес сауда техникумынан бастау алатын оқу орны бүгінде бизнес, сервис және қоғамдық тамақтану салалары бойынша кәсіби мамандар даярлайтын заманауи білім беру орталығына айналды. Мерейтойдың «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында өтуі техникалық және кәсіптік білімнің ел экономикасындағы стратегиялық рөлін айқындай түсті.

Салтанатты іс-шараға Алматы қалалық Білім басқармасының өкілдері, қалалық мәслихат депутаттары, жұмыс беруші компаниялар жетекшілері, педагогикалық еңбектің ардагерлері және қаладағы білім беру ұйымдарының өкілдері қатысты. Түркия, Қытай және Германиядағы серіктес оқу орындары да онлайн форматта білім беру жолдарын жолдады. Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің директоры Айнұр Мұқажанова 75 жылдық мерейлі белестің колледж тарихын қорытындылап қана қоймай, алдағы жоспарларды айқындауға мүмкіндік беретінін атап өтті.

– Біз уақытпен бірге жаңарып келеміз. Колледж материалдық базасын нығайтып, білім беру тәсілдерін жетілдіре отырып, бүгінде білікті мамандар даярлайтын заманауи орталыққа айналды. Біздің миссиямыз – нарық жағдайында сенімді жұмыс істей алатын және өз кәсібін терең құзыреттер негізінде құра білетін мамандар мен болашақ кәсіпкерлер тәрбиелеу. Биыл студентіміз Кристина Лаубер «Наубайшы ісі» құзыреті бойынша WorldSkills Kazakhstan республикалық чемпионатында алтын медаль жеңіп алды. Бұл – колледждегі білім беру сапасының және заманауи тәжірибенің айқын дәлелі, – деді колледж директоры.

Колледж бастамашыл жастарды қолдауға ерекше мән береді. Студенттер өз идеяларын нақты жобаларда жүзеге асырып көруге мүмкіндік алады. Мәселен, «Менеджмент» мамандығының 3-курс студенті Сабина Аутова құрғақ жемістерден пайдалы өнім шығаруға арналған стартапын жүзеге асырып



келеді: «Идеядан бастап өнімді алға жылжытуға дейін ұстаздар жанымыздан табылды. Біз оқып қана қоймай, өз өнімімізді жасап, бизнеске қадам баса алатынымызды түсіндік», – деді ол.

Соңғы үш жылда қалалық әкімдік пен Білім басқармасының қолдауымен 20-дан астам оқытушы Швейцария, Германия, Франция, Сингапур және Малайзияда халықаралық тағылымдамадан өтті. Мұның нәтижесінде оқу процесіне жаңа технологиялар мен цифрлық құралдар енгізіліп жатыр. Білім сапасы түлектердің тұрақты жұмысқа орналасу көрсеткіштерінен көрінеді. Көпшілігі тәжірибеден өтіп жүрген кезеңнің өзінде-ақ жұмыс табады. Бұл дуалды модельдің, тәлімгерлік жүйенің және жұмыс берушілермен ұзақ мерзімді серіктестіктің тиімділігін дәлелдейді.

Дана БОЛАТҚЫЗЫ.

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұншықтыру газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



Тыйым салынады:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекіткіштің иінтірегін клапан батырмасына күштеп тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қайғылы оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдеткіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғыны өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

1. Жедел түрде барлық газ крандарын жабу керек.
2. Бөлмені желдету керек.
3. Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады.
4. 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жеңіл

Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі

0,32% дейін Орташа

Қозғалудың қиындауы, естен тану

1,2% жоғары Ауыр

Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сіңірдің тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)



- Дәрігер шақыру.

- Дәрігер келгенге дейін: жеңіл уланған жағдайда мүсәтір спиртін иіскетіп, кофе немесе қызыл шай ішкізу керек.

- Уланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет.



ӘЛЕМДІК ҮЗДІК ҮШТІККЕ ЕНДІ

Алматы қаласы Мәдениет басқармасына қарасты Қазақ мемлекеттік циркінің талантты жас өнерпазы, Ж.Елебеков атындағы РЭЦК студенті Әли Салаватов Ресейдің Тула қаласында өткен «На языке мира» V Халықаралық балалар мен жастар цирк өнері фестивалінде қола жүлдеге ие болды.

Әлемнің ең танымал жас жонглерлер, акробаттар, сайқымазақтар, эквилибристер және цирк өнерінің басқа да бағыттары бойынша 200-ден астам жас өнерпазы қатысқан байқау тартысты өтті. Бұл жолы Әли орындаған «Еденге соқпалы доптармен жонглерлік өнер» атты нөмір қазылар алқасы мен көрермендердің жоғары бағасын алды.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ЖАҚСЫ КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ

«Атамұра» кішкентай оқырмандарын қуантты

Жақында ғана «Жылдың үздік баспасы» атанған «Атамұра» Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында кішкентай оқырмандарына ерекше тарту сыйлады. А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапханада «Мифтер мен аңыздар туралы энциклопедия» атты жаңа кітаптың тұсауы кесілді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Танымдық бағыттағы бұл кітап оқырмандарға әлем халықтарының көне мифологиясы, тарихи аңыздары мен рухани мұралары туралы кең көлемді мәлімет ұсынады. Бала санасына серпіліс беріп, қиял әлеміне жетелейтін бағалы еңбектің таныстырылымына белгілі жазушы, мәдениеттанушы, мифолог Зира Наурызбай арнайы келсе, іс-шараға қала кітапханаларының қызметкерлері, әдебиеттанушылар, тарихшылар, студенттер мен мектеп оқушылары қатысты.

Жиынды кітапхана директоры Дәрия Әбіқұлқызы ашып, балаларға ұсынылған жаңа энциклопедияның маңызына тоқталды. Онда әлем халықтарының мифтері, қазақ аңыз-әфсаналары, көне таным-түсініктер, мифологиялық кейіпкерлер мен олардың тарихи негіздері жан-жақты қамтылған. Басылымның авторлық құрамы – отандық ғылымдағы танымал фольклор зерттеушілері мен мәдениеттанушылар. Олар ұзақ



жылдар бойы жинақталған зерттеулер мен архив құжаттарын бір жүйеге түсіріп, көпшілікке қолжетімді форматта ұсынып отыр.

Аталмыш іс-шараның қонағы Зира Наурызбай мифтік ойлау жүйесінің баланың дүниетанымын қалыптастырудағы рөлі мен ежелгі сюжеттердің тәрбиелік маңызы жан-жақты түсіндіріп берді. Сондай-ақ, оқырманына жол тартқан

кітаптың ерекшеліктеріне жеке-жеке тоқталып, жарық көрген еңбектің мазмұны мен құрылымы туралы да тілге тиек етті. Баспа өкілдері миф пен аңыздың адамзат өркениетіндегі орны, әр халықтың дүниетанымы мен наным-сеніміндегі байланыстар, сондай-ақ энциклопедияны дайындау барысында қолданылған дереккөздер жайында қызықты мәліметтермен бөлісті. Қаты-


сушылар түрлі халықтардың мифологиясына қатысты сұрақтар төңірегінде пікір алмасты.

Тұсаукесер аясында энциклопедияның иллюстрациялары мен бөлімдері көрсетілген көрме ұйымдастырылды. Онда ежелгі батырлардың бейнесі, халық қиялындағы мифтік жануарлар мен әфсаналық оқиғаларға арналған иллюстрациялар ұсынылды.

«Мифтер мен аңыздар туралы энциклопедия» – руханиятымызды, әсіресе, кішкентай оқырмандардың санасын байыта түсетін еңбек. Қазақ және әлем фольклорының биік мұрасын жаңа буынға жеткізетін әмбебап еңбек ретінде бағаланып отыр. Кітаптан жас оқырмандар әлем жаратылысының айдаһар, феникс, Пегас және басқа да көкте самғайтын мифтік жаратылыстары, топырақтан туған аңыздар, миф кейіпкерлері және аңызға айналған ежелгі өркениеттердің қаһарман батырлары мен олардың шайқастары туралы әңгімелерді оқи алады. Сонымен қатар, табиғат құбылыстары мен тылсым күштер туралы да ақпарат таба алады. Кітап мифологиялық әлемді балалардың жас ерекшелігіне сай тартымды әрі түсінікті түрде баяндаса, әсем иллюстрациялар мен қызықты оқиғалар баланың өрісін кеңейтіп, қиял әлеміне еркін саяхат жасауға мүмкіндік береді.

Іс-шара ұйымдастырушылары бұл еңбектің мектеп пен жоғары оқу орындары үшін құнды дереккөз болатынын, заман жастарына халқымыздың мифологиялық мұрасын тереңірек тануға мүмкіндік береді деп отыр.

КАРИКАТУРА



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.